

**Бұқаржырау ауданының орталық кітапханалар жүйесіндегі
жас кітапханашылардың кәсіби жетістіктерін
қалыптастырудың негізгі факторы – қолдау көрсету**

М.Г. Шибаева, Бұқаржырау аудандық мәдениет
және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы

Қымбатты әріптестер, форумға қатысушы жас кітапханашылар! Бүгінгі бәрімізге ортақ мерейлі күн құтты болсын! Баршаңызға көтеріңкі көңіл-күй мен шығармашылық табыс тілеймін! Жас кітапханашылардың форумында сөз алып отырғаным ол менің қызығы мен қиындығы мол осы кітапхана саласында көп жыл еңбек еткенімнің арқасында. Өйткені менің мамандығым –кітапханашы. Мен онымен мақтан етемін, сол білімімнің арқасында көптеген биіктерге жеттім, бүгінгі қызметіме де соның арқасында жетіп отырмын. Сендерге де, жас кітапханашы мамандар кітапхана саласында ұзақ еңбек етіп өсе берулеріңе және еңбектеріңнің жемісін көруін, осы қасиетті рамазан айында шын жүректен тілеймін.

Кітапхана саласына келген жас маманды қызықтыра, көтермелей білу – мекеме басшыларының басты міндеті деп санаймын.

Осы орайда біздің аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен орталық кітапхана жүйесі жұмыла атқарып отырған бес бағыттағы қызметке тоқталып өтейін.

- **Бірінші:** жас кітапханашыны тану, яғни жұмысқа келген жас маманмен әңгімелесе отырып, білімін, оның ой-өрісін, жұмысқа деген көзқарасын, өнерге, спортқа т.б салаларға қатысын анықтау, екі-үш күндік толық сынақ ісінен өткізу, одан кейін ұжымға тез сіңісіп кетуі үшін жағдайлар жасап қол ұшын беру, қоғамдық жұмыстарға тарту, тәлімгерлік сынды жұмыстар атқарылады. **Бұл – кітапханашының ортаға кірігуі.**

Осы орайда біздің ауданымызда барлық кітапханашылар, оның ішінде жұмысқа жаңа қабылданған және жас кітапханашылар үшін апта сайын «Сәрсенбі күні-кітапханашы күні» атты жұмыс түрі жүргізіліп келеді. Оған әр сәрсенбі сайын ниет білдіруші әр кітапханашы келіп, кітапханалық іс-қағаздар мен құжаттар жүргізу, оқырмандармен жүргізілетін жекелеме және топтық жұмыс түрлері, кітапханалық іс-шараларды ұйымдастыру т.б. сынды жұмыстармен әдіскерлер айналысады, осылай әрекет ету – жас кітапханашылар үшін тиімді: ұжыммен етене араласып үлгермеген жас маман мұндайда өзін еркін сезініп, тез сіңісіп

кетуіне бірден-бір жол болып отыр. Ал жас кітапханашының өз ісіне тез үйреніп, жетік білуіне көмек жасауда біздің көптеген тәжірибелі кітапханашылардың тәлімгерлік (наставничество) қызметінің жұмысы айтарлықтай.

Бір ғана мысал: Корнеевка селолық модельді кітапханасы базасында 2009 жылдан бері өлкетану бағытында жұмыс жасап келе жатқан озық тәжірибе мектебінің жақсы нәтижесі: осы кітапхананың тәжірибелі кітапханашысы К.Кикимованың еңбегі мен жинақтауы арқасында құрылған шағын өлкетану мұражайы жұмысымен таныспаған ауданда бірде-бір кітапхана жоқ, бұндай тәлімгерлік іс арқасында көптеген кітапханаларында өлкетану бағытындағы жұмыс жанданған.

- **Екінші:** кітапхана саласына келген жас мамандарды тарту үшін оларға көбірек ерік беріп, бар күш-жігерін, қызықты да тың ойларын сыртқа шығарып, жүзеге асыруда қолдау көрсете отырып, ойын ашық айтуға, жаңашылдық істерімен бөлісуге, өзіндік шешім қабылдай білуге үйретуде семинар-тренингтер, іскерлік ойындар, ашық ой алаңын, практикумдар өткізудің маңызы аса зор. Осындай жұмыстар арқылы кітапханашының озық істерін насихаттау. Сондай-ақ облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі іс-шараларға – семинарларға, форумдарға, конференцияларға мүмкіндігінше қатыстырып отыру. **Бұл – кітапханашыны өз ісіне кәсіби баулу әрі кәсіби шеберлігін шыңдау.**

Осы мақсатпен ұйымдастырылатын дәстүрлі семинарлармен қатар, бүгінгі күні ой-пікірлерін айта, тәжірибесімен бөлісу үшін ашық ой алаңы, тренингтер, іскерлік ойындар, практикумдар өткізу қолға алынған. Бұдан жұмыс жас кітапхана мамандарына ұнайды, әрі өздерін еркін сезінеді.

Оған мысал: Новоузенка селолық модельді кітапханасы базасындағы **«Делай, как я!» мастер –класс шарасында** қатысушы кітапханашылармен **«Ана тілің, арың бұл» ойын-тренингте** 3 топқа бөлінген жас кітапханашылар белсенділік танытты.

Қушоқы кенттік модельді кітапханасы базасындағы **«Палитра разноцветных мнений» семинар –дискуссиясы** кітапханашылардың еркіндікті сезінуіне, өзіне деген сенімділігін арттыруда оң әсері байқалды.

Осы кітапханада жылжымалы кітапхана, кітап тасымалдау, оқырмандар мүддесі бойынша үйірме-клубтар жүргізу ісі жақсы бастау алған. Кітапхана жұмысымен таныстықтан соң, әр кітапханашы өз қызметінде кездескен қиындықтар мен жетістіктері жайлы ойларын ортаға салды.

Жас мамандармен тыңғылықты жүргізілген жұмыстар нәтижесінде Үштөбе селолық модельді кітапханасының кітапханашылары да ашылып, оқырмандармен жүргізілетін жұмысты жандандырып, облыстық Ж.Бектұров атындағы жасөспірімдер кітапханасының ұйымдастыруымен өткізілген «Эрудит» интеллектуалдық ойынына кітапхана оқырмандары – Үштөбе орта мектебі оқушыларынан құрылған «Жас қыран» тобын дайындап, қатыстырып, үш рет қатарынан жеңімпаз атанды.

2009 жылы Ж.Бектұров атындағы жасөспірімдер кітапханасы ұйымдастырған «Жас кітапханашы болу оңай ма?» атты бейне-интернет-конференцияға біздің ауданымыздан 10 жас кітапханашы қатысып, кәсіби біліктіліктерін көтеріп, осы шараға қатысуға мүмкіндік бергеніне барынша қуанып, жақсы әсер алып қайтты.

- **Үшінші:** кітапхана саласындағы маманның жан-жақты болуы аса қажет: сондықтан да жас кітапханашылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау, дамыту, насихаттау мақсатында түрлі іс-шараларды - байқау-конкурстарды ұйымдастырудың да көмегі көп. Бұл – кітапханашының шығармашылық қабілетін ашу жұмыстары.

Атап айтсақ, автоматизация және библиография бөлімінің библиографы, **жас маман Ж. Мақышевтың** бастамасымен «Ата Заңым - асыл қазынам » атты Жастармен жұмыс жасау орталығы, Мәдениет үйі, аудандық кітапхана және аудандық «Сарыарқа» газетінің қызметкерлері арасында **конкурс–дискуссия** өткізілді. Осы шараны ұйымдастыру, сценарий жазу, аудитория жинау жұмыстары бойынша Ж.Мақышевқа үлкен әдістемелік көмек көрсетілді. Осы алғашқы қадамына қолдау көрсетудің нәтижесінде ол Қарағанды облыстық Ж.Бектұров атындағы жасөспірімдер кітапханасы ұйымдастырған **«Адамзат рухани күш-қуатының құдіреті»** халықаралық жастар шығармашылық конкурсына қатысып, ақшалай сыйлыққа ие болды. Компьютерлік графика бойынша «Әлем есірткіге жоқ!» - атты облыстық байқауында фотошоппен жұмыс жасау номинациясында «Есірткіге жол бермеу» шығармасымен Корнеевка селолық модельді кітапханасының кітапханашысы Мұқанов Ернұр **III орын иегері**, ал осы номинация бойынша аудандық орталық кітапхана қызметкері Амантай Ақышев қатысқаны үшін **ынталандыру** сыйлығымен марапатталды. Осы аты аталған жас кітапханашылар бүгінгі күні де ауданымыздың қоғамдық ісіне белсене араласып, бірнеше аудандық, облыстық марапаттар алып, шығармашылық жағынан танылып жүрген мамандар.

Жеңістің 65 жылдығын атап өту, оның маңыздылығын жеткізу, кейінгі ұрпақ бойында патриоттық сезімдерін ояту, тыныштық пен бейбіт күннің бағасын сезіндіру, соғыс және еңбек ардагерлеріне құрмет көрсете білу мақсатында «Жеңістің мұрагерлеріміз» қаламгерлер байқауы, «Жеңістің от шашуы» фотоконкурсы болатын, **Бұқаржырау ауданы: аула тарихынан аудан тарихына** кітапша байқауы – тікелей кітапханашылар арасында ұйымдастырылған байқау. Мақсаты: әр отбасы, аула, ауыл тарихын танып білуге тарту, өз өлкесіне деген сүйсіпеншілік сезімдерін арттыру, шығармашылық ізденістегі кітапханашыларды анықтау және қолдау көрсету.

Осы байқаудың қорытындысы бойынша ерекше жұмыс атқарып, көзге түскен жас кітапханашылар ақшалай сыйлықпен және грамота, дипломдармен марапатталды.

Ал ауданның 70 жылдығына орай шыққан «Аудан ардақтылары» кітабы –көп жылдан бері кітапханаларды дамыту секторы кітапханашылар арасында жариялаған өлкетанушылық

«Село энциклопедиясы», «Өз өлкемнің шежіресісімін», «Адам - өз өмірінің суретшісі» байқауларының нәтижесі. Осы байқауларда ізденімпаздық пен жауапкершілік танытқан жас кітапханашылар Т.Чернышкова, З.Боқаева, Т.Әмірова, С.Әбікеева, Ш.Бекболатова, А.Байғұнысова.

ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай жыл басынан «20 жылға – жаңа іс» акциясы аясында барлық кітапханаларда кеңейтілген көрмелер, қызықты да тартымды іс-шаралар өткізуді тапсырған болатын. Кітапханашылар мен оқырмандар тобының ой-өрісін, білімін, шығармашылық қабілетін анықтау мақсатында **«Теңдесі жоқ дара тұлға» ғылыми-зерттеу жұмысы** байқауы жарияланды. Оқығанын көңілге тоқи алатын, оқығанын ой елегінен өткізіп, қорыта алатын, жүйелей білетін кітапханашыларымыз бен оқырмандарымыз бар екеніне көз жеткіздік. Осы анықталған адамдарды таныту, оларды басқаларға үлгі ету, аталмыш акцияны қорытындылау мақсатында **«Тәуелсіздік. Өшпес рух. Тұлғалар» атты ғылыми-практикалық конференция** ұйымдастырылып, байқау қорытындысы бойынша ақшалай сыйлық, дипломмен марапатталды.

«Бір ел – бір кітап» акциясы аясында ұйымдастырылған Ж.Аймауытов шығармалары бойынша аудандық көркемсөз оқу шеберлерінің байқауында да жеңімпаздар дипломмен және ақшалай сыйлықпен марапатталды.Осындай байқаулардың жеңімпаздарын марапаттау үшін жыл сайын кітапхана бюджетінде 600 мың тенге қарастырылады.

- **Төртінші:** кітапханашыларды аттестациядан өткізу – үлкен жұмыстардың бірі.

Сондықтан да аттестациядан өтетін жас кітапханашыларды үркітіп алмай, керісінше, жұмысқа деген ынтасын арттыру мақсатында жұмыс барысында байқалған жеке қасиеттерін айтып мадақтау, титтей де болса жақсы, бір жаңашылдық ісін үлгі ету, еңбегін елеп, жалақысына қосымша ақы (надбавка) тағайындату. Бұл – кітапханашының өзіне деген сенімділігін арттыру, өз ісіне деген сүйіспеншілігін ояту.

Осы орайда қазіргі заман талабына сай кітапханаларды жабдықтап, модельді кітапхана мәртебесін беру, оны салтанатты түрде ашу, куәліктерді табыстау да – жас мамандар жұмысын көтермелеудің бір түрі болып отыр.

- **Бесінші:** жыл қорытындысы бойынша жақсы еңбек еткен жас кітапханашыларға моральды қолдау көрсету: түрлі кәсіби байқаулар жариялап, номинациялар бойынша атақтар беру, алғыс хат, грамота, медальдармен марапаттау.

Осы орайда аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі жыл сайын мәдениет қызметкерлерінің мерекесін жыл басында өткізуді дәстүрге айналдырған болатын. Мұнда арнайы комиссия шешімімен «Ең үздік селолық кітапхана», «Ең үздік селолық модельді кітапхана», сонымен қатар, жекелеме қызметкерлердің жыл бойғы еңбегін бағалап, көтермелеу мақсатында түрлі номинациялар тағайындап, марапаттайды.

Кітапхана ісіне жас мамандарды көптеп тартуда Президенттің «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы үлкен көмек болып отыр. Аталмыш бағдарлама аясында ауданымызға бүгінде 9 жас маман келіп, оларға бар жағдай жасалынды.

(Барлығы –67 кітапханашы , оның ішінде жас кітапханашылар 18-35 жас аралығында -28)

Кітапхана - киелі жер, оның қызметкерлерінің еңбек ақысы медицина және ұстаздар жалақысы деңгейіне дейін көтеру, сол арқылы беделін де көтеру қажет деп ойлаймын.

Құрметті жас кітапханашылар! Сіздерде үлкен қабілет пен күш, білім бар, сондықтан да бойдағы бар ынта-жігерлеріңізді кітапхана ісіне аянбай жұмсайды деген сенімдемін. Кітапсүйер қауыммен арадағы сенім мен құрмет берік орныға берсін. Сіздердің шығармашылық еңбектеріңізге шалқар шабыт тілейміз. Бұдан әрі де кітапханалық шеберлік шыңынан көріне беріңіздер! Жұмыстарыңыз жемісті болсын!

